

Жергілікті маңызы бар мемлекеттік табиғи-қорық қоры объектілерінің тізбесін бекіту туралы

Жамбыл облысы әкімдігінің 2015 жылғы 25 маусымдағы № 131 қаулысы. Жамбыл облысы Әділет департаментінде 2015 жылғы 4 тамыздағы № 2717 болып тіркелді

РҚАО-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына және "Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы" Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 7 шілдедегі Заңына сәйкес Жамбыл облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қосымшаға сәйкес "Жергілікті маңызы бар мемлекеттік табиғи-қорық қоры объектілерінің тізбесі" бекітілсін.

2. "Жамбыл облысы әкімдігінің табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулының әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулының мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін он күнтізбелік күн ішінде оны ресми жариялауға мерзімді баспа басылымдарына және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесіне жіберуді;

3) осы қаулының Жамбыл облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары А. Нұралиевке жүктелсін.

4. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі

К. Көкрекбаев

Жамбыл облысы әкімдігінің
2015 жылғы 25 маусымдағы
№ 131 қаулысына қосымша

Жергілікті маңызы бар мемлекеттік табиғи-қорық қоры объектілерінің тізбесі

Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда – Жамбыл облысы әкімдігінің 25.08.2016 № 254 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік 10 күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

--	--	--	--	--

р / н	Табиғи-қорық қоры объектілерінің атауы	Аумағы , гектар	Орналасқан жері	Кімнің қарауына жатады
1.	"Үмбет" жергілікті маңызы бар мемлекеттік табиғи қамал	298 400	Т. Рысқұлов, Байзақ және Меркі аудандары	"Жамбыл облысы әкімдігінің табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі
2.	"Меркі" жергілікті маңызы бар мемлекеттік табиғи қамал	68 910	Т. Рысқұлов және Меркі аудандары	

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК